

## Биология кафедрасындағы практика барысы

### Практика базалары, өтілетін уақыты, келісімшарттар

2020-2021 оқу жылында «Жаратылыстану» факультетіне қарасты «5В011300-Биология» мамандықтарының күндізгі бөлімде оқитын 3,4 курс студенттерін, «6В01505- Биология мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы, «6В05101- Биология» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын 1,2 курс студенттерін, «Кешкі оқыту және дайындық» бөліміне қарасты кешкі бөлімдерде оқитын 5 курс студенттерін оқу жоспарына сәйкес кәсіптік практикаға жіберілді.

Кәсіптік практикасы бойынша орнықтыру конференциясы онлайн форматта ZOOM платформасында өткізілді. Конференция барысында практиканың мақсаты және міндеттері туралы айтылды, студент-практиканттың күнделігі және тағы басқа қажетті материалдар талқыланды. Қауіпсіздік техникасы бойынша инструктаж өткізілді. Қажетті электронды оқулықтарды қарастырып, талқылады.

6В01505- Биология мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша 1-курс 1505-10А (Educational practice), 1505-10 оқу топтарының студенттерін 2021 жылдың 25.01–05.02 аралығында 2 апталық оқу практикасына жіберілді.

6В05101- Биология сабақтас ғылымдар білім беру бағдарламасы бойынша 1-курс 5101-10 оқу тобының студенттерін 2021 жылдың 25.01–05.02 аралығында 2 апталық оқу практикасына жіберілді.

6В01505- Биология мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша 2-курс 1505-19А (Pedagogical practice), 1505-29, 1505-39 оқу топтарының студенттерін 2021 жылдың 25.01–05.02 аралығында 2 апталық психологиялық-педагогикалық практикасына жіберілді.

2020-2021 оқу жылында Жаратылыстану факультетінің 5101-19 2курс, «6В05101 – Биология» мамандықтарының оқу жоспарына және оқу барысының кестесіне, сонымен қатар университетінің іс тәжірибеге жіберу туралы бұйрығына сәйкес 25.01-6.02.21ж. аралағында 2 апталық өндірістік практикадан өтті. 2 курс бойынша өндірістік тәжірибеге қатысқан студенттердің жалпы саны -17;

ОҚМПУ Кәсіптік практикаға жіберу туралы 19.12.2020 жылғы бұйрық негізінде 5В011300 – Биология мамандығының 3-курс, 113-18а, 113-28а, 113-38А, 113-48А, 113-88а оқу топтарының студенттерін 2021 жылдың 25.01–19.02 аралығында 4 апталық педагогикалық практикасына жіберілді.

5В011300 – «Биология» мамандығының 4-курс, 113-17А (Professional training practice), 113-27, 113-37 оқу топтарының студенттерін 2021 жылдың 25.01–19.03 аралығында 8 апталық педагогикалық практикасына жіберілді.

5В011300 – «Биология» мамандығының 4-курс, 113-17А (Professional training practice), 113-27, 113-37 оқу топтарының студенттерін 2021 жылдың 25.01–16.04 аралығында 12 апталық педагогикалық практикасына жіберілді.

5В011300 – «Биология» мамандығының 5-курс К113-16 оқу тобының студенттерін 2021 жылдың 25.01-19.03 аралығында 8 апталық педагогикалық практикасына жіберілді.  
5В060700 – «Биология» мамандығының 3-курс К607-18 оқу тобының студентін 2021

жылдың 12.04-30.04. аралығында 3 апталық өндірістік практикасына жіберілді. 6B01505-6B01505-Биология мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша қашықтан оқыту бөліміне қарасты С1505-10ж оқу тобының студентін 2021 жылдың 25.01-05.03 аралығында 6 апталық педагогикалық практикасына жіберілді.

5B060700- Биология мамандығы бойынша 4-курс 607-17, 113-17А, 113-27, 113-37 оқу тобының студенттерін 2021 жылдың 23.03–16.04 аралығында 4 апталық диплом алды практикасына жіберілді.

25 қаңтар күні келісімшартта көрсетілген мектептерде студент-практиканттармен педагогикалық кеңес өткізілді. Кеңеске мектеп басшылығы, пән мұғалімдері мен сынып жетекшілері қатысты. Студенттерге мектеп ұжымын таныстырып, практиканттардың міндеті жайлы мәселелер түсіндірілді және арнайы сыныптарға бөлініп бекітілді. Оқу орнының кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу Ережесіне сәйкес 3-курс студенттеріне 7,8,9,10 сыныптары, 4-курс студенттеріне 8,9,10,11 сыныптары бөлінді.

Практика барысында студенттер әдістемелік, тәрбиелік, танымдық, ұйымдастырушылық негіздерімен танысты. Студенттер мектеп кешенімен танысып, бекітілген жетекшілерімен, сондай-ақ 7- 10 сынып оқушыларына сынып жетекшілік жасап, сабақтар жүргізді.

7,8,10 сынып оқушылары онлайн оқыды. Оқушылар мен студенттер ZOOM,Cisco webex платформалары арқылы конференция сабақтарға қатысты, тәрбие сағаттарын өтті. WhatsApp мессенджерлер арқылы тапсырмалар берді. Google Form платформасы, Kahoot.it, программалары арқылы сабақта тесттер шешті. Bilim.land платформасы арқылы видео сабақтар көрсетіп, Balapan.tv, Elarna.tv телеканалдары арқылы жаңа сабақтарды оқушылар тыңдады.

Ал 9,11 сыныптарға бөлінген студенттер оффлайн жағдайында санитарлық эпидемиялогиялық талаптарды сақтай отырып сабақтар жүргізді. Практика барысында студенттер әдістемелік, тәрбиелік, танымдық, ұйымдастырушылық негіздерімен танысты. Студенттер мектеп кешенімен танысып, бекітілген жетекшілерімен сондай-ақ 9- ші, 11- шы сынып оқушыларымен танысты.

Практиканың жұмыс бағдарламалары, студенттерге ұсынылатын құжаттармен қамтамасыз етілуі

Практика барысында студенттер әдістемелік, тәрбиелік, танымдық, ұйымдастырушылық негіздерімен танысты. Студенттер мектеп кешенімен танысып, бекітілген жетекшілерімен, сондай-ақ 7- 11 сынып оқушыларына сынып жетекшілік жасап, сабақтар жүргізді.

2020-2021 оқу жылында 7,8,10 сынып оқушылары онлайн оқыды, соған байланысты студенттер онлайн жағдайындағы сабақтардың жоспарлары жасап үйренді. ZOOM,Cisco webex платформалары арқылы тәрбие сағаттарын, WhatsApp мессенджерлер арқылы тапсырмалар беріп, Google Form платформасы, Kahoot.it, программалары арқылы сабақта тесттер шешіп, Bilim.land платформасын, электронды журналдармен жұмыс жасап үйренді.

«Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 107 бұйрығы бойынша 5B011300-Биология мамандықтарының білім беру бағдарламасына, 6B01505- Биология мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасына, 6B05101- Биология сабақтас ғылымдар білім беру бағдарламасына сәйкес кәсіптік практика бағдарламасы жасалынып, бекітілді.

Практика өткізу үшін кафедрада практиканың оқу бағдарламалары, күнделік, жұмыс жоспар кестесі дайындалып, бекітілді. 5B011300-Биология мамандықтарының күндізгі бөлімде оқитын 3,4 курс студенттерін, 6B01505- Биология мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы, 6B05101- Биология сабақтас ғылымдар білім беру бағдарламасы бойынша оқитын 1,2 курс студенттері, «Кешкі оқыту және дайындық» факультетіне қарасты кешкі бөлімдерде оқитын 5 курс студенттері үшін жұмыс жоспар кестесі түзіліп студенттерге берілді.

5B011300-Биология мамандығының, 5B011300-Биология мамандықтарының білім беру бағдарламасы, 6B05101- Биология сабақтас ғылымдар білім беру бағдарламасы студенттеріне ZOOM арқылы өткізілген орнықтыру конференциясында келесідей міндеттер анықталды:

1. Мектептегі оқу-тәрбие процесінің жай-күйімен танысу.
2. Алдыңғы қатарлы педагогикалық практикамен танысу, оқып үйрену.
3. Тұтас педагогикалық процеске белсене қатысу, қоғамдық жұмыстарға араласу мектепте, мектептен, сабақтан тыс өткізілетін іс-шараларға белсенділікпен атсалысу.
4. Тәртібі төмен оқушылармен қосымша тәрбие жұмыстарын жүргізу.
5. Ұстаздық шеберліктің элементтерін қалыптастырудың жолдарын, әдіс-тәсілдерін қарастыру.
6. Педагогикалық практика барысында педагогикалық іскерлік, дағдыларды қалыптастыру.
7. Мектептің оқу-тәрбие жұмысының жүйесімен танысу:
8. Оқып-үйрену, зерттеу:
9. Өз бетінше атқарылатын жұмыстар:
10. Сыныптан, мектептен тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру.
11. Педагогикалық эксперимент жасау.
12. Теориялық білімді іс жүзінде қолдану, бекіту, тереңдету, молайту.
13. Оқушыларды зерттеу барысында балалармен қарым-қатынас жасаудағы іскерлік дағдыларды қалыптастыру.
14. Сабақтан тыс тәлім-тәрбиелік іс-шараларды жоспарлай білу, өткізу, талдау.

15. Ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстарын жүргізе білуді үйрену, яғни педагогикалық байқау, анкета толтыру, құжаттарды оқып үйрену іскерліктерін қалыптастыру.

Биология мамандығының студенттері педагогикалық практика барысында өздеріне жүктелген міндеттерді толық орындады.

#### Практиканың қорытындысы

5B011300-Биология мамандықтарының білім беру бағдарламасы, 6B05101- Биология сабақтас ғылымдар білім беру бағдарламасы, 5B011300 – Биология мамандығының Білім беру бағдарламасы, типтік оқу жоспары, модульді білім беру бағдарламасы, жұмыс оқу жоспары және академиялық күнтізбе негізінде педагогикалық практикадан өтті.

Педагогикалық практиканың қорытынды конференциясы 4-курс 113-17А, 113-27, 113-37, К113-16 оқу топтарына 2021 жылдың 26 наурыз күні ZOOM платформасы арқылы, ал 3 курс 113-18а, 113-28, 113-38А,113-48А, 113-88 оқу топтарына 22.02.2021ж. ZOOM платформасы арқылы өткізілді. Конференцияға онлайн түрде факультет деканы, практика жетекшілері, кафедра меңгерушілері, педагогика, психология әдіскерлері және студенттері қатысты.

Қорытынды конференциясына дейін студенттер педагогикалық практика күнделігін (пән мұғалімдері, сынып жетекшілері мен мектеп директорының қолы қойылып, мөр басылған) толтырып, өтілген сабақ жоспарының конспектісі және оқу-көрнекі құралдары, слайд, тәрбиелік және сыныптан тыс іс-шаралар талдамасы, т.с.с. материалдарын кафедра меңгерушісінің өкімімен бекітілген комиссияға ұсынып, есептерін қорғады. Оған арнайы хаттама толтырылды. Практика нәтижесі комиссия шешімімен қойылған балдық жүйесен қорытындыланды. Педагогикалық практика бойынша сынып жетекшілерінің, пән мұғалімдерінің, мамандыққа қатысты кафедрада бекітілген топ әдіскер жетекшілерінің, педагогика, психология кафедралары оқытушыларының бағалары ескерілді. Практика бойынша құжаттары кафедраның арнайы папкасында сақтаулы.

Мамандық бойынша практика есебі 2021 жылдың мамыр айындағы кафедраның кезекті мәжілісінің отырысында (№10 хаттама) қаралып, бекіту үшін Жаратылыстану факультеті Кеңесіне ұсынылды.

4-курс 113-17А, 113-27, 113-37, К113-16 оқу топтарының, ал 3 курс 113-18а, 113-28, 113-38А,113-48А, 113-88 оқу топтарының барлық студенттің педагогикалық практика бойынша қорытынды есептері тыңдалып, құжаттары қабылданды. Практика кезінде студенттер тарапынан қоғамдық тәртіпті бұзу тіркелмеді. Студенттердің барлығы да өздеріне тиісті уақытта жұмыс орнында болды.

Студенттер алғашқы аптада тек тәжірибелі мұғалімдердің сабақтарына қатысты. Екінші аптадан бастап өздеріне бөлінген сыныптарда биологиядан сабақ бере бастады.

Студенттер практика барысында бір-бірінің сабақтарына қатысып, тәжірибе алмасты. Әдіскерлерімен бірге сабаққа талдау жасауды да үйренді. Өтілген сабақтың ұтымды жақтары мен кемшіліктеріне пікір айтып, ұсыныс жасай білді.

1. Студенттердің университет қабырғасында алған теориялық білімдерін тереңдетті. Осы білімдерін оқушылармен жүргізетін оқу –тәрбие жұмысында қолдана білуге үйренді.
2. Оқытудың әр алуан әдістері мен тәсілдерін пайдалана білді. Оларды сабақтың жоғары әсерлігіне жету үшін тиімді үйлестіре білуге үйренді.
3. Студенттерде оқу-тәрбие жұмысын бақылау және талдау іскерлігін қалыптасты.

Оқу және өндірістік практикада студенттер кәсіби педагогикалық қызметті ұйымдастырудың ғылыми негіздерімен танысты, олардың қызығушылығын арттырумен қатар педагогикалық үдеріс пен оның субъектілері жөнінде тұтастай көзқарасты қалыптастырды. Өңірімізде кездесетін әртүрлі систематикалық топтардағы өсімдіктердің, жануарлардың құрылыс ерекшелігімен танысты.

Оқу практикасы барлық білім алушылар үшін Биология кафедрасы базасында ұйымдастырылды. 1 курс студенттері практиканы Биология кафедрасы базасында оффлайн өтті. Болашақ кәсіптің объектісі болып табылатын ұйымның ұйымдық-құқықтық нысанымен, құрылымымен, басқару жүйесімен және т.б. жалпы танысты. Сонымен қатар болашақ кәсіптік қызметінің түрлерін, функцияларын және міндеттерін зерделеу, еңбек ұжымында жұмыс жасау дағдыларын игерді.

Оқу практикасы ББ ерекшелігіне, бейініне сәйкес өткізілетіндігі кафедра мәжілісінде қаралып, практика бағдарламасында көрсетіледі.